

**ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ №38 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ**



Бекітемін \_\_\_\_\_  
Мектеп басшысы:  
М.Н.Абулгазинов

29 тамыз 2024 жылғы  
педогогикалық кеңесте қаралды  
және бекітілді. Хаттама №1.

**ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ  
ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ  
«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ №38 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІНІҢ 2024 — 2029 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН  
ДАМУ ЖОСПАРЫ**

Павлодар, 2024 жыл.

## МАЗМҰНЫ

### 1. БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

### 2. МЕКТЕП ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМА

### 3. АҒЫМДАҒЫ МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ. SWOT–АНАЛИЗ

### 4. МЕКТЕПТІҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мектептің даму бағдарламасын болжау. Ішінара білім беру процесін жетілдіру  
Материалдық-техникалық базаны ішінара дамыту  
Бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталған стратегиялық  
бағыттар, мақсаттар, міндеттер мен іс-шаралар  
Бағдарламаны жүзеге асырудағы критерии мен нәтиже көрсеткіштері.  
Тәрбие жұмысын жүзеге асырудағы мақсаттар мен міндеттер

#### I. Бағдарлама паспорты

<b>Атауы</b>	«Павлодар қаласының №38 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024-2029 жылдарға арналған мектептің даму бағдарламасы
<b>Әзірлеу үшін негіздеме</b>	1. Қазақстан Республикасының Конституциясы; 2. Қазақстан Республикасы «Білім туралы заңы»; 3.«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» ҚР Заңы; 4. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы 5. 2023 жыл 19 қыркүйек № 294 ҚР оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы негізінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»
<b>Негізгі әзірлеуші</b>	Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Мойылды ауылы, «Павлодар қаласының №38 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен шығармашылық тобы
<b>Мақсат</b>	Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға қолдау көрсету, сындарлы оқыту теориясы негізінде білім сапасын арттыруға жағдай жасау. «Табысты мектеп» жолында идеяларды жүзеге асыру.
<b>Міндеттері</b>	- мұғалімдердің кәсіби біліктілігін үздіксіз арттыру; - білім алу мүмкіндігіне жағдай туғызу; - білім алу үрдісін оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету; - оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру; - білім алушының зияткерлік, рухани - адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету; - материалдық - техникалық базаны нығайту; - педагогикалық білім беруді жаңғырту; - оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету
<b>Күтілетін нәтижелер</b>	Мұғалім құзыреттілігін көтеру нәтижесінде мектепті заманауи деңгейге жеткізу. Критериалды бағалау қолдану арқылы, білім көрсеткіштері жоғарылайды. Салауатты өмір салтын ұстанған функционалды сауатты, бойында отаншылдық, көшбасшылық қасиеттері қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Мектеп мәдениеті: мұғалім – оқушы– ата-ана қарым-қатынасы жақсарады. Материалдық- техникалық ресурстармен мектеп базасы толықтырылады.

<b>Іске асыру мерзімдері</b>	2024 – 2029 жж.
	(2024– 2025 жыл) Дайындық
	(2025– 2028 жыл) Практикалық
	(2028 – 2029 жыл) Нәтижелік

### **Кіріспе.**

Қазақстанда білім беруді және ғылымды дамыту бойынша жүйелі шаралар кешені іске асырылуда. 2015 жылы республика өзіне Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарына, оның ішінде бәрін қамтитын және әділ сапалы білім беруді және баршаға арналған өмір бойы оқу мүмкіндігін ынталандыруды қамтамасыз етуді көздейтін 4-мақсатына қол жеткізу бойынша міндеттемелерді қабылдады. Оған қол жеткізу үшін әлемдегі білім беруді дамытудың негізгі бағыттары айқындалды: мектепалды даярлықты қамтамасыз ету, 11 жылдық мектеп білімінің моделі, оқушылардың бойында 21 ғасыр дағдыларын дамыту. Аталған бағыттар қазақстандық білім беру жүйесі үшін де басым болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2023 — 2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру.

Республикамызда мектептегі білім беру жаңартылған жүйе бойынша іске асып келеді. Мектепті дамыту жоспары, бірінші кезекте, мектепте қолданылатын іс-құжат. Ол өнімділіктің қазіргі деңгейінің талдауы, қазіргі үрдістер мен болашақ факторлар мектептерге қаншалықты әсер ететіндігіне мектептің берген бағасының негізінде жасалады және алдағы жұмысты жетілдіру бойынша басымдық пен міндеттерді анықтайды. Мектептің даму жоспарын жасауда сауалнама қорытындылары бойынша «ата-ана үні», «оқушы үні», «мектеп персоналдарының үнінен» анықталған басымдықтардың бәрін біріктіріп, түзету жолын қарастыратын бір ортақ тақырып таңдау өте маңызды да, жауапты істердің бірі болды. Жетілдіруді қажет ететін сұрақтардың негізінде мектептің даму жоспарының басымдылығы ретінде **«Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің өсуі — жеке тұлғаның шығармашылық дамуының негізі»** деген басымдық алдық. Себебі, мұғалімдер заманауи талапқа сай оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеріп, оқушыларды ынталандыру арқылы өздіктерінен оқу дағдыларын қалыптастырғанда мектепке ата-ананың көзқарасы да өзгеріп, мұғалім ата-ана, мұғалім — оқушы араларында коллаборативті орта қалыптастыру арқылы деген сеніммен. Мектептегі жаңа оқу жылында осы басымдылықтың шешімін табу төңірегінде жұмыстарды атқаруды көздейміз.

Даму жоспарын жасау барысында басымдықтарды түзету мақсаттарын, табыс критерийін нақтыладық. Мектептің даму жоспарын құруда қарастырылған іс-шаралардың бағыттары: жоспарлау, іске асыру, өзгерістерді бағалау (эвалюациялау) болып отыр.

### **Бағдарламаның даму кезеңдері**

<b>Кезеңдері</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Дамудың негізгі бағыттары</b>	<b>Жұмыстың мазмұны</b>
<b>I</b>	2024–2025 жыл	Даму бағдарламасын құрастыру, білім беру және тәрбие бағдарламаларын дайындау, апробациялау, енгізу.	Оқу жоспарының, бағдарламаның орындалуын ұйымдастыру. Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз әдістемелік және психологиялық оқыту жүйесін құру; Оқушыны психологиялық, педагогикалық тұрғыда диагностика арқылы зерделеу; Талдау жасау, ақпарат банкі құру.
<b>II</b>	2025–2026 жыл 2026–2027 жыл 2027–2028 жыл	Бағдарлама іс-шараларының орындалуын ұйымдастыру, орындалу барысын бақылау, серіктес мектептермен бірлескен жұмысты жандандыру, жобаларды түзету, жаңа сапалық мектептің білім	Мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік деңгейін, кәсіби біліктілігін, шеберлігін дамыту; Педагогикалық және инновациялық технологияларды меңгеру және енгізу. Оқушылардың функционалдық

		беру үдерісін ұйымдастыру, білім сапасын басқару.	сауаттылығын қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізу.
<b>III</b>	2028–2029 жыл	Оқу, тәрбие және даму нәтижелерін талдау және эксперттік бағалау, нәтижелер туралы есеп беру.	Шығармашылықпен жұмыс істеген мұғалімдердің авторлық бағдарламаларын шығару, іс - тәжірибелерін тарату; Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға арналған тапсырмалар жинағын шығару.

## II. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

1. **Білім беру ұйымының атауы:** Павлодар облысының білім басқармасы, Павлодар қаласы білім бөлімінің «Павлодар қаласының №38 жалпы орта білім беру мектебі» КММ
2. **Мектеп директоры:** Абулгазинов Мохаммед-Али Шайби-Насрединович
3. **Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Мойылды ауылы, Абай көшесі, 1 құрылыс.
4. **Жалпы аумағы** 2466,5 ш. м
4. **Телефон/факс:** 35-65-96
- 5. **Электронды мекен-жайы:** sosh38@goo.edu.kz
6. **Заңды тұлға куәлігі:** БСН 980440002210
7. **Аттестаттаудан өткен уақыты:** 2014 жыл
8. **Жобалық сыйымдылығы:** 200
9. **Қазіргі оқушы саны:** 308
10. **Педагог қызметкерлер саны:** 49
11. **Жұмыс уақыты:** 8<sup>00</sup> -18<sup>15</sup>
12. **Оқыту тілі:** аралас

### I. Мектеп жұмысының қазіргі жағдайының қысқаша сипаттамасы

Орналасқан жері: мектеп ауылдық жерде орналасқан.

Жұмыс кестесі:

Оқушыларды қабылдау: 7.00 – 7.55

Сабақтың басталуы – 1 смена - 8.10, 2 смена -13.30.

Сабақтың аяқталуы – 1 смена -14.15, 2 смена -18. 45

**Қоңырау кестесі:**

1 ауысым

1 сабақ – 8.10-8.55

2 сабақ – 9.00-9.45

3 сабақ – 10.00-10.45

4 сабақ – 11.00-11.45

5 сабақ – 11.50-12.35

6 сабақ – 12.40-13.25

7 сабақ - 13.30 - 14.15

2 ауысым

1 сабақ – 13.30-14.15

2 сабақ – 14.20-15.05

3 сабақ – 15.20-16.05

4 сабақ – 16.10-16.55

5 сабақ – 17.10-17.55

6 сабақ - 16.45-17.30

7 сабақ - 18.00-18.45

Сыныптың – жиынтықтар саны: 2023-2024 оқу жылында мектепте 23 сынып-жинақ оқытылды: (Жыл басында-287)

Бастауыш буын	Орта буын
---------------	-----------

1 кл. – 4/44	5 кл. – 3/47
2 кл. – 3/35	6 кл. – 3/27
3 кл. – 4/36	7 кл. – 2/22
4 кл. – 3/29	8 кл. – 2/23
	9 кл. – 2/13
Барлығы: 14 кл./143	Барлығы: 9/132

Сыныптардың орташа толымдылығы 11,9 (+ 0,5) оқушыны құрады, 1 сыныптарда-11; 2 сыныптарда -11,6; 3 сыныптарда – 9 оқушы, 4 сыныптарда- 9,6 оқушы.


Ауысымдардың құрылымы мен толымдылығы: 2023-2024 оқу жылы ішінде мектепте оқыту екі ауысымда жүзеге асырылды. 1 ауысым: 1-ші, 3-нег, 4-ші, 5-ші, 6 - шы, 7-ші, 8-ші, 9-шы және 2-лицейлік сыныптар 5А, 6А сыныбы, 2 ауысым: 2-ші, 5Ә, 5Б сыныптары.

1 ауысымда оқитын оқушылар саны - 18/207 оқу, екінші ауысымда-5/68 оқу.

#### Оқу жылының соңындағы оқушылар саны

	Жобалық қуағы	2019-2020	2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Барлық сыныптар/ Оның ішінде оқушылар	200	21/217	25/232	24/254	23/266	23/275
1-4 сыныптар		11/124	13/137	13/146	14/153	14/143
5-9 сыныптар		10/93	12/95	11/108	9/113	9/132

#### Оқушылар контингентін өзгерту диаграммасы




Қорытынды: Диаграммдан бастауыш және негізгі оқу деңгейлеріндегі оқушылар санының өскенін көруге болады.

Сыныптар жиынтығы санының тұрақтылығы және оқушылар контингенті санының артуы байқалады (9 оқушыға көп, 2023-2024 оқу жылының соңында жалпы контингент 275 оқушы, 2022-2023 оқу жылының соңында жалпы контингент 266 оқушы).

2021 - 2022 оқу жылында 4 - сыныптан бастап оқыту математика-химиялық бейін бойынша жүзеге асырылды, 2023-2023 жылдарынан математика-информатика бейіні бойынша. Пәндерді тереңдетіп оқытатын лицей сыныптарының саны 2022-23 оқу жылында -2 сынып, 2023-2024 оқу жылында - 2 сынып (5а,6а).

## Мектеп бойынша оқу сапасының динамикасы

Оқу жылдары	Үлгерім, %	Білім сапасы, %
2020-2021	100%	52%
2021-2022	100%	54%
2022-2023	100%	48%
2023-2024	100%	52%



### 2023-2024 оқу жылындағы үлгерім сапасы

«4» пен «5»-ке оқығандар	Оқушылар саны	Пайыздық қатынас
2-4-сыныптар	62	62%
5-8 -сыныптар	55	20%
9 -сыныптар	3	1%


### 3 жылдағы білім сапасы мен үлгерім деңгейі

Оқу жылы	% білім сапасы			% үлгерімдері		
	Бастауыш мектеп	Негізгі мектеп	Барлығы мектеп бойынша	Бастауыш мектеп	Негізгі мектеп	Барлығы мектеп бойынша
2021-22	64%	44%	54%	100%	100%	100%
2022-23	57%	38%	48%	100%	100%	100%
2023-24	62%	44%	48%	100%	100%	100%

### Үш жыл ішіндегі параллельдер және оқу сатылары бойынша білім сапасы мен үлгерім деңгейі

Сыныптар	2021-22		2022-23		2023-24	
	Үлгерімі	Білім сапасы	Үлгерімі	Білім сапасы	Үлгерімі	Білім сапасы
2-е	100%	47%	100%	47%	100%	60%
3-е	100%	71%	100%	71%	100%	78%
4-е	100%	69%	100%	69%	100%	45%
5-е	100%	52%	100%	52%	100%	43%
6-е	100%	38%	100%	38%	100%	56%
7-е	100%	25%	100%	25%	100%	41%

8-е	100%	37%	100%	37%	100%	48%
9-е	100%	67%	100%	67%	100%	23%
Мектеп бойынша	100%	54%	100%	54%	100%	52%



**Қорытынды:** жалпы мектеп бойынша білім сапасы өткен жылмен салыстырғанда 4% - ға көтерілді, бұл кестенің деректерімен расталады. Орта буындағы 4,6,7,9-сыныптарды жалпы мектеп бойынша (52%) салыстарғанда білім сапасының төмендігі проблемасы бар. Бұл ретте ең төменгісі 8Б-сыныптарда - 33% және 9Б-сыныптарда - 23%. 4-сыныптан 5-сыныпқа көшу кезінде үлгерім сапасы 26% - ға төмендеді (69% - дан 43% - ға дейін), бұл бастауыш мектептен негізгі мектепке ауысу кезінде бейімделуі төмендігі көрсетеді. Бұл ретте өткен оқу жылында жаңа оқу жағдайларына бейімделу есебінен 5-сыныптан 6-сыныпқа көшу кезінде үлгерім сапасы 4% - ға көтерілді. Бұл арада сапасы өте төмен 9Б-сыныбын ескерген жөн - үлгерім сапасы 0%, 9А - 33%, 8Б -33%, 4Б -30%, 5Б- 21%, 5Ә- 32%, 7А-38%, 4Б – 30%. Бұл сынып оқушыларының оқуға деген ынтасы өте төмен. Аталған сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыруда туындаған мәселелерді ескере отырып үлкен өзгерістерді қажет етеді. Бұл сонымен қатар орыс сыныптарындағы қазақ тілі, алгебра және геометрия, физика, химия, география пәндері бойынша үлгерім сапасының мәселесі болып табылады. Осы жастағы физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, сабақтың беруде өзгерістерді қажет етеді.


### Педагогикалық кадрлар

Педагог кадрлардың сапалық құрамы "ҚР жалпы білім беретін мектептерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы" Ережеге сәйкес келеді және оқу-тәрбие процесін нәтижелі жүзеге асыруға, педагогикалық шығармашылықты дамытумен, зерттеу жұмысымен айналысуға мүмкіндік береді. Мектепте оқу жылының басында 43 мұғалім жұмыс істеді (2023-2024 жылдың аяғында - 46 мұғалім). Барлық мұғалімдердің педагогикалық білімі бар және өз мамандары болып табылады. Магистратураны бітіріп, магистр дәрежесіне ие - 1 педагог (2,6%). "ҚР Білім беру ісінің үздігі" атағы мен "Ырай Алтынсарин" төс белгісіне ие - 2 педагог (5,2%). Оқу жылының басында жоғары білімі бар - 44 мұғалім (96%). Бала күтіміне байланысты конкурс жарияланым жұмысқа 2 жас маман қабылданды. Жаңадан келген барлық 12 мұғалімнің 11- жоғары білімі бар. Жұмысқа қабылдау «Мемлекеттік білім ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒ министрлігінің 2012

жылғы 21-ші ақпандағы №57 бұйрығына **2021 жылғы 22-ші қарашадағы №432 бірлескен бұйрығына сәйкес жүргізілді.**


Мұғалімдерді аттестаттау жоспарлы тәртіппен жүргізіледі. Барлық құжаттама "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды, және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" **2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (2024 жылғы 4 сәуір №72 бұйрығы өзгертулермен мен толықтырулар) сәйкес жүргізіледі.** 27.12. 2019 жылғы "Педагог мәртебесі туралы" ҚР Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы ( 2023 жылғы 7 тамыз №249 бұйрығы өзгертулермен мен толықтырулар) бойынша.

### Білімі бойынша мұғалімдердің үлесі



2023-2024 оқу жылының соңында **жоғары біліктілік санаты** бар мектеп оқытушыларының үлесі- 1 мұғалім (2%) құрайды, **екінші санатпен** – 1 мұғалім немесе 2%, **педагог санатымен** – 15 мұғалім немесе 33%, аттестаттаудың жаңа форматы бойынша: **педагог-зерттеуші** - 10 педагог 22% құрайды, **педагог-сарапшы** 8 - 17%, **педагог-модератор** 11 - 24%. Екінші жартыжылдықта тестілеуді жаңа формат бойынша 6 мұғалім тапсырды, бұл 13% құрайды, 3 мұғалім зейнеткерлікке 4 жыл қалғанда өтініш жазды (Рожина С.В., Кусманова Б.К., қосымшам білім бойынша Жангасинова А.Д.). Барлығы 15 мұғалім, 6 мұғалім – педагог-модератор санатына өтініш, **2 мұғалім – педагог-экспертке, 30 жыл өтілі бар 3 педагог педагог-зерттеуші санатына, 1 педагог – ППБ тапсырып педагог-зерттеуші санатына тапсырды.**

### Санаты бойынша мұғалімдердің үлесі




Мұғалімдердің еңбек өтілі мен жасына қарай бөлінуін талдау педагогикалық ұжымның жеткілікті жетілгендігі мен тәжірибесін көрсетеді: 17 педагог (16%) 3 жылға дейінгі еңбек өтілін құрайды, 27 педагогте (25%) 3-тен 8 жылға дейін еңбек өтілі бар, 9-дан 16 жылға дейін еңбек өтілі бар – 15 мұғалім, 14% құрайды, 17-ден 20 жылға дейін – 9 мұғалім (0,8%), 20




жылдан жоғары – 39 мұғалім (36%). Бұл педагогикалық шеберлікті одан әрі дамытуға және өсуге мүмкіндік береді.

### Мұғалімдерді педагогикалық еңбек өтілі бойынша бөлу



Мұғалімдердің басым жасы – 20 жастан 30 жасқа дейін-11 мұғалім (24%). 30 жастан 40 жасқа дейінгі педагогтар -9 мұғалім, (20%) , 40 – ден 50 – ге дейін- 12 мұғалім (46%), 50 жастан жоғары-8 мұғалім (17%). Мектеп мұғалімінің орташа жасы-42 жас.

### Мұғалімдерді жасына қарай бөлу



Соңғы үш жылда мектептің 8 педагог өз санатын көтерді – 17%. Мектептегі әдістемелік жұмыстың маңызды бағыты педагог қызметкерлердің біліктілігін үнемі арттыру болып табылады. Мектеп педагогтері жоспарға сәйкес Өрлеу, ПШО базасында үш жылда бір рет жаңа ережелер бойынша қайта даярлау курстарынан өтеді. 2022 жылы жоспарлы түрде курстан өткендер - 9 (20%), 2023 жылы – 11 (24%).

Жоспарға сәйкес 13 мұғалім (28%) қайта даярлау курсымен қамтылмаған, оның ішінде 5 жас маман, 3 зейнеткер мұғалім. (А.К. Нуртазина, А.Д. Орумбаева, К.М Куспекова, Асылбекова Н.Б.), сонымен қатар А.Бахшар – көркем еңбек, Г.А. Маукеева– биология пәнінен жоспар бойынша өтуде. Курстан өтпеген мұғалімдерді курстан өтуге ұсынымды білім бөліміне берілді. Жыл бойы білім бөлімінен бұйрық бойынша білімін арттыру курсына жіберіледі.

Мектеп әкімшілігі кадр саясатының инновациялық стратегияларын жүзеге асырады Мектепте жоспарға сәйкес ЖММ қызметі ұйымдастырылған. тәлімгер К.Б. Тулеуова– жас маман Н.Н.Насриденова Мақсаты: жас маманға теориялық және практикалық білімді

жетілдіру және оның педагогикалық шеберлігін арттыру мәселелерінде практикалық көмек көрсетті.

### Қорытынды:

Мектепте тұрақтылықпен, дамудың жаңа бағдарламаларын қабылдау мен іске асырудағы шығармашылық қабілетімен, оқушыларға жақсы білім беруге ұмтылысымен ерекшеленетін жоғары білікті педагогикалық ұжым қалыптасты (93 % мұғалімдерінде жоғары білімі бар, 46% мұғалімдерінде жоғары, бірінші, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы біліктіліктері бар.

Айналымды талдау мұғалімдердің негізгі бөлігі тұрақты екенін анықтады. Жанжалды жағдайлар, ұжымда шағымдар жоқ.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру, олардың білім деңгейін арттыру үрдісі сақталуда. Мұғалімдердің негізгі тірегі-21 және одан жоғары (35%) еңбек өтілі бар мұғалімдер. Мектеп мұғалімінің орташа жасы 42 жасты құрайды.

Жеткілікті тәжірибесі мен жұмыс тәжірибесі бар мұғалімдерге магистратурада оқуды ұсыну.

Кәсіби қызметте жоғары жетістіктері мен көрсеткіштері бар мұғалімдерді мерзімінен бұрын аттестаттаудан өткізуді кеңірек қолдану.

Алдағы оқу жылында шешілетін мәселелер:

- оқытудың уәжділігін арттырудағы педагогикалық, ұйымдастырушылық жағдайлардың тиімсіздігі, әсіресе негізгі мектепте, сабақта оқытудың жаңа тәсілдерін, белсенді формалары мен әдістерін енгізу арқылы оқушылардың ойлау процестерін тереңдету;
- үлгерім сапасы төмен сыныптарда оқушылардың білім, білік, дағдылар жүйесін қалыптастыруды бақылауды жүзеге асыру тәсілдерінің тиімсіздігі;
- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру.

### Материалдық-техникалық базаның жағдайы

Атауы	Саны
Оқу кабинеттері	20
Жаңа түрлендірілген кабинеттер	3
Компьютер сыныптары	1
Шеберханалар	2
Спорт залы	1
Акт залы	1
Медициналық кабинет	2
Асхана	1
Кітапхана, оқу залы	1

### Интерактивті жабдықтардың саны

№	Аудан	Мектеп	Интерактивті жабдықтың түрі	Қойылған жылы	Жағдайы	Ескерту
1	Павлодар	38	ИД-9	2008,2017,2018,2020	Жұмыс істейді	
			ИД LeD-10	2022	Жұмыс істейді	
			Проектор-2	2012,2018	Жұмыс істейді	


**Қорытынды:** Мектептің материалдық – техникалық базасы жеткілікті дамыған. Мектептің материалдық-техникалық базасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын толық көлемде іске асыруға мүмкіндік береді.

**2023-2024 оқу жылында тәрбиелік және білім байқауларының нәтижесі бойынша аудандық, облыстық, республикалық деңгейде жетістіктер нәтижесі**

Мазмұны	Аудандық	Облыстық	Республикалық
Пәндік олимпиадалар	12	1	1
Ғылыми жобаларсайысы	2	-	-
Шығармашылық конкурстар	9	-	-
Зияткерлік сайыстар	13	1	2
Спорттық сайыстар			
Барлығы	36	2	3

**Білім беру саласындағы конкурстар мен жарыстардың соңғы үш жылдағы аудандық, облыстық, республикалық конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздары туралы диаграмма /2021-2024 жылдары/**

Оқу жылы	Жүлделі орындар саны			Халықаралық/ Междунар.
	Қала/Город	Облыс/Область	Республика	
2021-2022	8 (пәндік олимпиада) + 5 (зияткерлік) + 12 (шығармашылық) = 25	1 (зияткерлік) + 2 (шығармашылық) = 3	5 (зияткерлік) + 1(шығармашылық)=6	
2022-2023	9 (пәндік олимпиада) + 5 (ғылыми жобалар)+9 (зияткерлік)+ 21 (шығармашылық) =44	3 (зияткерлік) + 3 (шығармашылық) = 6	6 (шығармашылық) = 6	
2023-2024	12 (пәндік олимпиада) + 2 (ғылыми жобалар)+13 (зияткерлік) + 9 (шығармашылық) =36	1 (пәндік олимпиада) + 1 (зияткерлік) = 2	2 (зияткерлік) +1 (пәндік олимпиада) = 3	




### 2023-2024 оқу жылында жеңімпаздарды дайындаған педагогтер тізімі

№	Педагогтың аты - жөні	Пән	Жеңімпаздар саны
1	Каирбеков Д.Б.	Тарих	4
2	Мурунбаева Г.И.	Қазақ тілі және әдебиет	10
3	Оспанов У.К.	Математика	12
4	Соян Е.	Информатика	2
5	Асылбекова Н.Б.	Орыс тілі және әдебиет	1
6	Маукеева Г.А.	Жаратылыстану	1

*Білім беру саласындағы конкурстар мен жарыстардың соңғы үш жылдағы аудандық, облыстық, республикалық конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздар саны*

2023-2024 оқу жылы

**Жалпы педагогтар санынан оқушыларды жетістікке жетелеген педагогтар үлесі диаграммасы**



**Қорытынды:** Үш жыл бойынша оқушылар түрлі сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді, қатысу деңгейі ең жоғары пәндік олимпиадалар, зияткерлік конкурсы. Ең төмен ғылыми жобалар сайысытар. Оқушыларымызоблыс деңгейінде жақсы нәтиже көрсетіп келеді. Республикалық деңгейде Қазақстан тарихы пәнінен пәндік олимпиасында **1 жеңімпаз** 2 орын иегері Хайратұлы Жігер. Соңғы үш жылдың ішінде биылғы 2023-2024 оқу жылында жеңімпаздар саны азайғаны байқалды. Жалпы қалалық деңгейдеоқушыларымыз жақсы жетістіктерге жетіп келеді. Мәселе бірі оқушылардың облыстық мектептерге кетуі болып табылады.

### III. 2023-2024 жылдардағы мектептің білім беру жүйесінің жай-күйін талдау

Мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалау

Мектеп білім беру жүйесін дамыту әлеуетін анықтау үшін оның күшті және әлсіз жақтарын (ішкі факторларды), оның дамуының перспективалық мүмкіндіктері мен тәуекелдерін (сыртқы факторларды) анықтауға мүмкіндік беретін талдау жүргізілді.

Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
<b>Кадрлық ресурстар</b>			
Педагог қызметкерлердің жалпы саны -49, оның ішінде: Педагог-зерттеушілердің -11; Педагог-сарапшылардың -9; Педагог-модераторлар-14; Бірінші санат-1.	Өзін-өзі тәрбиелеуді жүйелі түрде арттыру жоқ, ол аттестаттаудан аттестаттауға дейінгі мерзімді сипатқа ие	Педагогтерінің жалпы санынан педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы және педагог-модератор біліктілік деңгейі бар педагогтердің үлесі - 90% дейін көтеру. 2024-2029 жылдары 9 зерттеуші санатын көтеруге өтініш берді, 14-сарапшылар, 14-модераторлар.	Барлық мұғалімдер аттестаттау рәсімінен өте алмайды
<b>Материалдық-техникалық ресурстар</b>			
- Мектептің материалдық техникалық базасы ішінара жинақталып, жаңа жабдықтармен толықтырылуда; - Арнайы кабинеттер бар: Биология, Химия, Физика, мультимедиялық жабдықтар;	Робототехника пәндік кабинеттерінің болмауы	Мектепте бар бос бөлмелерді пайдаланып, оларды қажетті жабдықтармен жабдықтау.	МТБ жаңарту үшін қаржыландыру жеткіліксіз болуы
<b>Ақпараттық ресурстар</b>			

Мектепте жергілікті компьютерлік желі құрылып, барлық мұғалімдерге интернет желісіне қолжетімділік қамтамасыз етілді. Wi-Fi жұмыс істейді. Мектеп сайты да құрылған. 13 040 дана кітап қоры бар кітапхана жабдықталған.	Ескірген техникалық жабдықтар, қажетті ақпараттың жетіспеушілігі, мектептерде оқу кабинеттерінің аз болуы.	Мұғалімдердің кәсіби дамуын қамтамасыз етуге (онлайн-курстар, тәжірибе алмасу) және мектеп басқаруын тиімділендіруге (онлайн-есеп беру, ата-аналармен байланыс) мүмкіндік береді.	Барлық педагогтар ЦБР бойынша Ата-аналар мен оқушылардың мектеп интернет-ресурстарын тұрақты пайдаланбауы
---	--	---	---

**Білім беру сапасын арттырудың оқу-әдістемелік шарттары және инновациялық қызмет**

Жұмыс істеуі ӘК, ӘБ педагогтар, проблемалық-шығармашылық бірлестіктер, сертифициатталған мұғалімдердің желілік қауымдастығы. Педагогтердің біліктілігін корпоратившілік арттыру (коучингтер). Әдістемелік-дидактикалық құралдарды әзірлеу.- Эксперименттік алаң жұмыс істейді Пәндерді тереңдетіп оқытатын сыныптар жұмыс істейді, сондай-ақ бастауыш және орта буындардағы математика бағытында лицей сыныптары ашылып отырады.	Облыстық және республикалық деңгейлерде мұғалімдердің озық тәжірибесін ұсынбау. Педагогтердің кәсіби шеберлік конкурстарына, олимпиадаларға тиімсіз қатысуы. Ұжымның жалпы білім беретін мектеп жағдайында ЕББ бар балаларға инклюзивті білім беру моделіне дайын. Оқушылардың облыс мектептеріне кетуі.	Lesson Study т енгізу; "Жыл мұғалімі" конкурсын өткізу Эксперименттік алаңды іске асыру педагогтерді БОҰ-ны жалпылауға ынталандыру және оны әртүрлі деңгейлерде таратуға ынталандыру. Онлайн-оқытуды ұйымдастыру тиімділігінің шарты ретінде ЦБР әзірлеу	Барлық мұғалімдер Lesson Study бағдарламасымен қамтылмаған; эксперименттік алаң жобаларын іске асыру үшін қаржыландыру жоқ; конкурсқа қатысу үшін барлық әріптестерді қамту мүмкіндігі жоқ.
--	---	--	---

**Білім беру мазмұнын іске асыру**

Мектепте мұғалімдердің кәсіби командасының болуы. (41%-ы педагог-шебер, педагог-сарапшы, педагогзерттеуші, жоғары және бірінші санаттағы санатқа ие)	– 14% санаты жоқ мұғалімдердің үлесі (жас мамандар-4%) - Әр түрлі шеберлік байқауларына қатысуға құлықсыздық.	Педагогикалық құрам үнемі біліктілікті арттыру курстарына қатысады, ӘБ-де тәжірибе алмасады. - Әдістемелік бағыттағы аудандық және облыстық ісшараларға қатысу мүмкіндігі. - Сапалы үйлесімді білім беруді қамтамасыз ететін жалпы білім беретін мекеме ретінде мектеп имиджін дамыту	ҚҚП уақтылы өтпеуі; Облыстық және республикалы қ деңгейдегі конкурстарға қатысу; Өзін-өзі тәрбиелеу
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін кедергісіз орта	- Мұғалімдердің кәсіби білімінің жетіспеушілігі;	-Осы бағыт бойынша біліктілікті арттыру курстарына қатысу; -	ЕББ балаларын оқыту үшін орта құру

<p>жағдайлары ішінара жасалды; - Барлық педагогтар инклюзивті білім берудің курстық дайындығынан өтті</p>		<p>Инклюзивті білім беру бойынша вебинарларға, семинарларға қатысу.</p>	<p>емес ЕББ-лардың жалпы білім беретін мектеп жағдайында ЕББ бар балаларға инклюзивті білім беруді іске асыру кезінде мұғалімнің тьюторкөмекшісін даярлауының болмауы.</p>
<p><b>Оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттері, білім сапасы</b></p>			
<p>Дарынды балалармен жұмыс жүйесі құрылып, элективті курстар, жеке консультациялар, олимпиадалар, зияткерлік ойындар мен жобаларға қатыстырылады. Мұғалімдер оқушыларды сүйемелдеу мен дайындау жұмыстарын жүргізеді.</p>	<p>Мұғалімдер мен оқушыларда уақыт ресурстарының тапшылығы байқалады. Дарынды балаларды анықтау және қолдау жұмыстары барлық мұғалімдермен жүргізілмейді, кейбір мұғалімдер оқу процесінде осы мақсатты көздемейді. Білім беру процесіне қатысушыларды білім берудің жаңа сапалы деңгейіне қол жеткізуге ынталандыру жеткіліксіз.</p>	<p>Педагогтердің, ата-аналардың білім беру нәтижелеріне қызығушылығы жоғарлату. Оқушылардың жеке білім беру маршруттарын іске асыру. Конкурстарда қатысушылардың жүлдегерлер мен жеңімпаздардың санын көбейту.</p>	<p>Балаларды ғылымның әртүрлі салаларында қабілеттерін дамыту бойынша қамту</p>
<p><b>Белсенді азамат ұстанымы бар тұлғаны қалыптастыру</b></p>			
<p>Тәрбие мен Патриоттық актінің тұжырымдамалық негіздеріне негізделген тәрбие жұмысының жүйесі - "Мәңгілік Ел", "Рухани жаңғыру" бағдарламасы. Мектеп дәстүрлерінің болуы. Ата-аналарды жалпы мектептік ісшараларға қатысуға тарту. Жалпы мектептік ата-аналар комитеті мен қамқоршылар кеңесінің, "тәуекел тобындағы" балалармен Профилактика кеңесінің жұмысы, түрлі мекемелермен әлеуметтік әріптестік.</p>	<p>Мектептің ұйымдастырушылық құрылымында бірлескен басқару мен өзін-өзі басқарудың жеткіліксіз дамуы.</p>	<p>Мектепте бірлесіп басқарудың балалар моделін жетілдіру. Қоғаммен байланысты кеңейту, мектептің әлеуметтік серіктестерін іздеу. Әр түрлі инновациялық педагогикалық технологияларды, тәрбие жұмысының формалары мен әдістерін енгізу.</p>	<p>Интернет желісінің әсері артты. Контенттік (заңсыз және этикалық емес материалдар) және коммуникациялық тәуекелдердің болуы. БАҚ-тың өскелең ұрпақтың азаматтық сана-сезімін қалыптастыруға теріс әсері.</p>

#### IV. Мектептің даму бағдарламасы

**Мектеп миссиясы:** Білім алудың қолжетімділігін, жоғары сапалы білім беруді және жоғары адамгершілік-азаматтық позициясы бар, өзін-өзі дамытуға және шығармашылыққа ұмтылатын, әлеуметтік бейімделген жеке тұлғаны тәрбиелеуді қамтамасыз ететін білім беру ортасын қалыптастыру.

**Мектепті дамытудың жалпы мақсаты:**

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін білім берудегі көшбасшылық арқылы дамыту, оқушының әлеуетіне сай құндылықтар негізінде оқу мен оқытудың сапалы жүйесін құру.

**Міндеттері:**

- Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту;
- Оқу әдістемелік, психологиялық жетелеуді жолға қою;
- Мұғалімдердің сыныпты басқару құзіреттілігін жетілдіру арқылы барлық пәндердің берілу сапасын арттыру мен мемлекеттік стандарттың орындалуын қамтамасыз ету;
- Педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуына жағдай жасау;
- Желілік қоғамдастық арқылы озық іс-тәжірибе алмасу;

**Жоспардан күтілетін нәтиже:**

1. Педагог-шебер педагогтардың болуы.
2. Оқушылардың белсенділігі мен ынтасы артады, өз бетімен білім алудың жолдарын меңгереді, сапалы білімге қол жеткізіледі, функционалдық сауаттылықтары артады.;
3. Облыстық, республикалық деңгейде жүлдегерлердің болуы;
4. Педагогтердің шығармашылық деңгейінің өсуі;
5. Робототехника, АӘД кабинеттерінің жұмыс жасауы;
6. Компьютерлік паркінің жанаруы.

**Жоспардың нысаналы индикаторлары:**

1. Оқыту, оқу және бағалау;
2. Педагог кадрлар мен әдістемелік қызмет;
3. Тәрбие жұмысы;
4. Басқару мен көшбасшылық.

#### ***I ТАРАУ: ПЕДАГОГ КАДРЛАР МЕН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ***

- Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту;
- Педагог қызметкерлердің үздіксіз кәсіби дамуы;
- Мұғалімдердің кәсіби қоғамдастық жұмысын жандандыру;
- Мұғалімдердің тілдік құзіреттіліктерін дамыту;
- Әдістемелік жұмысты жетілдіру;

№	Іс-шара	Мақсаты	Жауапты	Ресурстар	Мерзімі	Нәтиже
1	Біліктілікті арттыру курстарының перспективалық жоспарын жасау.	Кәсіби деңгейді көтеру.	Директордың орынбасарлары, ӘБ жетекшілері	Әртүрлі курстар	Жылсайын қыркүйек айында біліктілікті арттыру бағытында курсқа қатысушылар тізімін нақтылау	Мұғалімдердің біліктілігін арттырудың интеграцияланған жүйесі құрылды. Мұғалімдер үнемі өз біліктіліктерін арттырып



						отырады.
2	Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдерге арналған ағылшын тілі деңгейін жетілдіру	Үштілділік саясатын іске асыру. Мектепте үштілділік білім беру кеңестігі жүйесін дамыту	Директордың орынбасарлары	Ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері, CLIL – қадайындық бойынша тренерлер, кітапханашылар, онлайн вебинарлар	Жылсайын қыркүйекте — Қатысушылар тізімін бекіту.	Ағылшын тілінде сабақ беруді көптеген қазақстандық мұғалімдер жүргізеді
3	Жүйелі-әдістемелік кешенге арналған ресурстарды құру, әдістеме бірлестігінің жоспарлы жұмыстары.	Бірлестіктер жұмысын жандандыру. Әдістемелік жұмыстарды жетілдіру.	Әдістемелік кеңес Директор орынбасарлары ӘБ жетекшілері	ӘК хаттамалары, Мұғалімдер, тәжірибе тарату бойынша бірлестік жетекшілер	Әр тоқсан сайын сабақ жоспарлары мен дидактикалық материалдарды құру.	Пәндер бойынша әдістемелік ресурстық базаны кеңейту және жүйелендіру, сабақ сапасын арттыру.
4	TALIS Халықаралық зерттеуіне қатысу	Мұғалімдердің деңгейін анықтау	Педагогтер	Элективті курс бағдарламалары, зерттеулер бойынша әдістемелік құралдар	Жоспармен	Оқу процесін ұйымдастыруда зерттеу нәтижелерін тиімді пайдалану.
5	Ақпараттық-әдістемелік орталықтың іс-шараларын ұйымдастыру «Оқуға құштар мектеп» жобасы «Бір отбасы – бір кітап» жобасы	Оқушыларды кітап оқуға баулу.	Кітапханашылар	Кітапханашылар	Жұмыс жоспарына сай жыл бойы	Кітапханашылар мен оқытушылар арасындағы тығыз ынтымақтастық арқылы оқушылардың білім алуына қолдау көрсету
6	«Жас ұстаздар мектебі» бағытындағы тәлімгерлік жұмыс	«Жас ұстаздар мектебінің» мұғалімдеріне көмек көрсету, тәлімгерлік жұмысты жетілдіру.	Әкімшілік Тренерлер	Сабаққа қатысу, семинар коучингтер	Жоспар бойынша	Кәсіби деңгейі жетілген жас мамандар тәрбиелеу
7	«Көшбасшы» кәсіби қоғамдастығының жұмысын жандандыру, СТО үйрету	Кәсіби қоғамдастық құрудың маңызы және оқу мен тәрбие жұмысында	Директордың орынбасарлары, педагогтер	Семинарлар, Коучингтер	Жоспар бойынша	Мұғалімдер кәсіби қоғамдастықта басқа мектеп мұғалімдері мен тәжірибе алмасу

		тиімділігі туралы түсінік беру; Бірлесе әрекет етуге жұмылдыру;				тәсілдерін меңгереді
8	Оқушылардың күзіреттілігін қалыптастыру барысында АКТ тиімді пайдалану	Әріптестер АКТ жайлы мағлұматалады	Педагогтар	Ақпараттық ресурстар	Жыл сайын	ІТ технологияларды ендіру
9	«Дарынды және таланты оқушылармен жұмыстың ерекшелігі»	Ғылыми зерттеу жұмыстарына дайындау, қатыстыру бойынша мұғалімдерге түсінік беру, үйрету	Пән мұғалімдері	Түрлі деңгейдегі сайыстар	Жыл бойы	Оқушылардың дарындылығын арттыру, ғылымға қызығушылығын дамыту.
10	Мектепшілік байқаулар, оқулар өткізу «Үздік сынып сағаты», «Үздік сабақ» т.б.	Мұғалімдердің іс — әрекеттерін зерделеу	әкімшілік	Байқаулар	Жыл сайын	Ұстаздардың жұмысы қортындыланып, нәтижеге бағытталады
11	Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс	Білім сапасын көтеруге жұмыстану.	Мұғалімдер Әкімшілік	Қосымша сабақтар Топ жұмысы	Жыл бойы	Үлгерім ітөмен оқушылар санын азайту

## II ТАРАУ: ОҚЫТУ ОҚУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

- Білім алушының зияткерлік, рухани – адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету;
- 7-9 сыныптарда оқушылармен іс-әрекетте жұмысты қабілеттеріне қарай бейіні бойынша дамытуға бағыттау;
- PISA, TIMSS-құзыреттіліктің жаһандық жүйесі білім беру бағдарламасын жүзеге асыруды оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етуді жетілдіру;
- Терең ғылыми білімді қалыптастыру бағытында жалпы және арнайы қабілеттерін диагностикадан өткізу арқылы оқуға деген ынтасын арттыру;
- Дарынды оқушыларды дамытуға жағдай жасау;
- Оқушы контингентін көтеру, оқушыларды тұрақтандыру;

№	Іс-шара	Мақсаты	Жауапты	Ресурстар	Мерзімі	Нәтиже
1.	Білім беру бағдарламаларын (вариативті) енгізу тиімділігін бақылау	Білім сапасын көтеру	Директор орынбасарлары ӘБ жетекшілері,	Оқу бағдарламасы.	Жыл сайын, оқу жылында 1 рет, жылдық талдау	Пәндер бойынша бағдарламалардың тиімділігін сараптау, бағдарламаларды жаңарту үшін ұсыныстарды дайындау.

2	Оқыту сапасын арттыру үшін оқу жетістіктерін, оқушыларды бақылау нәтижелерін сараптау	Кеткен кемшіліктерді анықтап келесі жылға мақсат айқындау.	Директор орынбасарлары ӘБ жетекшілері 1-4, 5-9 сынып оқушылары, мұғалімдер	Пән мұғалімдерінің талдамалық есептері, ӘБ отырыстарының хаттамалары.	Жарты жылда 1 рет әдістемелік бірлестік отырыстарында талқылау.	Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою бойынша жеке жұмыс жоспарын құру және жеке даму траекториясын жасау.
3	Аудандық пәндер олимпиадасына оқушыларды жұмылдыру	Дарынды және талантты оқушылармен тиімді жұмыс жасау	Пән мұғалімдері	Отырыс хаттамалары	Жыл сайын	Облыстық және аудандық олимпиадалардан жүлдегер санын көтеру;
4	Халықаралық деңгейдегі қашықтықтан өтетін пәндер олимпиадасына мектеп оқушыларын жұмылдыру	Дарынды және талантты оқушылармен тиімді жұмыс жасау	Оқу ісінің меңгерушісі Пән мұғалімдері	Интернет ресурстар	Жыл сайын	Республикалық, облыстық конференцияларға, байқауларға қатысқан оқушылардың үлесі
5	Ғылыми жұмыс	Мектеп оқушыларын аудандық, облыстық деңгейде өтетін ғылыми жобаларға қатысуларын қамтамасыз ету	Оқу ісінің меңгерушісі Пән мұғалімдері	Интернет ресурстар	Жыл сайын	Жоба жүлдегерлерінің үлес салмағы көбейеді.
6	Оқушыларға дұрыс кәсіби бағдар беру	Оқушыларды мектепте қалдырып орта мектеп курсың бітіруге бағыттау	Оқу ісінің меңгерушісі Пән мұғалімдері		Оқу жылының соңында	Жоғары сынып оқушыларының санын көтеру
7	Бөлім және тоқсандық жиынтық бағалау бойынша қорытынды талдау	Шынайы бағалауды жүзеге асыру.	Әкімшілік	Пән мұғалімдерінің аналитикалық есептері, ӘБ отырыстарының хаттамалары.	БЖБ мен ТЖБ нәтижелерін талдау – тоқсанына 1 рет	Оқушылардың оқу нәтижелерін талдау құралдарын пайдаланып отырып, кәсіби қызметті жақсарту үшін мұғалімнің рефлексивті дағдыларын дамыту.
8	Сапалы қосымша білім алуға қол жеткізуді	«Қосымша білім беру навигаторы»	Әкімшілік		Жыл сайын	Оқушылардың қалауы бойынша таңдауға

	арттыру.	жобасын іске асыру				мүмкіндік беру.
--	----------	--------------------	--	--	--	-----------------

### **III ТАРАУ: ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ**

- Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету;
- Бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру;
- Қоғамда және білім беру жүйесінде қалыптасатын құндылықтарды дарыту;
- Мектептегі түрлі жобалар мен қоғамдастық жұмысын дамыту әріқарай жалғастыру;
- Қазақстандық «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асыру;

№	Іс-шара	Мақсаты	Жауапты	Ресурстар	Мерзімі	Нәтиже
1	«Ата-ананың мектептегі бір күні» жобасын жүзеге асыру	Бала тәрбиесінде ата-ананың рөлін нығайту, мектептің жұмысына ынтымақтасу	Директордың ТІ жөніндегі орынбасары, Педагог-ұйымдастырушы –сынып жетекшілер, ата-аналар	Әлеуметтік практикадан өту туралы деректер базасы; Машықтан өткендігі туралы оқушылар есебі	Кестеге сай Әр айдың соңғы сәрсенбісінде	Ата-аналар мен байланысты жақсы жолға қойылады.
2	«Шаңырақ» ата-аналар қоғамдастығының жұмысын жүзеге асыру	Мектеп ата-ана арасындағы тиімді байланыс.	Тәрбие бөлімі Ата-аналар	Ашық әңгіме Тренинг Кездесулер Коучингтер	Жыл бойы жұмыстану	Ата-ананың мектеп өміріне араластырып, жауапкершіліктерін, белсенділіктерін дамыту.
3	Мектепшілік атқарылып келген түрлі жобаларды жалғастыру әрі қарай дамыту:	Озық ойлы оқушыларды тәрбиелеу.	Директордың ТЖ жөніндегі орынбасары	Педагог-ұйымдастырушы –сынып жетекшілер, Балабақша тәрбиешілері	Жыл бойы жұмыстану	Адамгершілігі мол тұлға тәрбиелеу
4	«Жасқыран», «Жасұлан» ұйымдарының Жұмысын жетілдіру	Оқушыларды өзін-өзі басқаруға баулу.	Тәрбие бөлімі	Түрлі іс-шаралар	Жыл бойы	
5	Жетекші мектеп қоғамдастығының жұмысын жүзеге асыру	Серіктес мектептер мен тиімді қарым-қатынас жасау.	Директор Директор орынбасарлары Тренерлер	Коучинг семинарлар	Кестеге сай	Кәсіби шындалған мұғалімдер тәрбиелеу.

### **IV ТАРАУ: МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ЖҰМЫСЫ**

- Мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жетілдіріп жақсы жолға қою;
- Тәрбиешілердің сапалық құрамын арттыру;
- Тәрбиешілердің кәсіби деңгейін көтеруге жұмыстану;
- Мектеп пен ата-ана арасындағы қарым-қатынас тынығайту;

№	Іс-шара	Мақсаты	Жауапты	Ресурстар	Мерзімі	Нәтиже
1	3-6 жас аралығындағы бүлдіршіндерді мектепке тарту	Жас бүлдіршіндерді мектепке дайындау, даму дағдыларын қалыптастыру	Әдіскер тәбиешілер	Сұхбат сабақтар	Үнемі	Жас ерекшелігіне сай дамыған тұлға тәрбиелеу
2	Мектепалды даярлық сыныбының жұмыс жоспарын үнемі жетілдіріп отыру, бастауыш сынып мұғалімдерімен тығыз байланыс орнату.	Сабақтастықты жолға қою. Сабақ сапасын жақсарту. Жазу оқу білмейтін балалар санын азайту.	Әдіскер МАДС жетекшісі	Сабақтар кездесулер	Үнемі	Мектепке дайын бала тәрбиелеу
3	Тәрбиешілердің сапалық құрамын арттыру, перспективалық жоспарларын жасап үнемі назарда ұстау.	Кәсіби деңгейлерін көтеру. Біліктілік санаттарын көтеру.	Әкімшілік	Жоспарлар Ашық сабақтар	Үнемі	Бірлескен жұмыс, нәтижеге бағытталған.
4	Ата-аналар мен жұмысты жолға қою, бүлдіршіндерді қызықтыратын, ойыншықтар, сабақтар, іс-әрекеттерді үнемі жетілдіру	Балабақшаға бүлдіршіндерді көптеп тарту. Үйде ата-әжесінің қасында отырған балаларды тарту.	Әдіскер тәбиешілер	Кездесулер сабақтар	Үнемі	Жас ерекшелігіне сай дамыған тұлға тәрбиелеу
5	Тәрбиешілерді сайыстарға қатыстыру, мектепшілік сайыстар ұйымдастыру. Бүлдіршіндерді сайыстарға, оқуларға қатыстыру.	Сапалы білімге қол жеткізу. Бүлдіршіндерді балабақша өміріне қызықтыру.	Әкімшілік Әдіскер Тәрбиешілер	Сайыстар Интернет сайыстар Оқулар	Үнемі	Нәтижелі жұмыс.

### **Ү ТАРАУ: БАСҚАРУ МЕН КӨШБАСШЫЛЫҚ**

- Мектептің қызметін ұйымдастыру құжаттарын қайта қарау және жаңарту процедурасы қызмет етеді
- Мектептің Қамқоршылық кеңесі қызмет етеді.
- Басқа Кеңестер, әдістемелік кеңес, пед кеңес т.б. қызмет етеді.
- Ұжым мүшелерінің басқару және көшбасшылық дағдыларын дамыту

№	Іс-шара	Мақсаты	Жауапты	Ресурстар	Мерзімі	Нәтиже
1	«Оқыту мен оқудағы өзгеріс не үшін қажет?»	Ұжымға өзгеріс енгізу қажеттілігін түсіндіру және ортақ мақсатқа жұмылдыру.	Директор	Түрлі жоспарлар семинар коучингтер	Үнемі	Бірлескен жұмыс, нәтиже.

2	Мектепті жақсарту бойынша өзін – өзі басқару ұйымының акциялары	Оқушы белсенділігін арттыру	Директор орынбасарлары, Мұғалімдер оқушылар	Шара материалдары Жаңа бастамалар тұжырымдамасы	Оқу жылы бойы әр ай сайын	Оқушылар мектепте жақсартуды қажет ететін салаларды жақсарту бойынша әртүрлі бастаманы жүзеге асырады.
3	Мектепте: — Педагогикалық кеңес — Әдістемелік кеңес — Қамқоршылық кеңесі — Ата-аналар комитеті — Мектептің аттестация комиссиясы қызмет етеді.	Топтардың жұмыстарын ұйымдастыру	Директор, директор орынбасарлары Басқару ұйымдарының мүшелері	Жоспарлар Жобалар Тұжырымдамалар	Жыл сайын кесте бойынша	Мектептің басым бағыттарын анықтау және дамыту. Мектеп жергілікті қауымдасты күшін ашық, басқарудағы ашықтық қамтамасыз етіледі. Жұмыс жоспарлары, шешімдері бар отырыс хаттамалары. Жасалған жұмыстың есептері.
4	Директорлар кеңесінің отырыстары бойынша хаттамалық шешімдерді орындау	Кемшіліктерді жою,	Әкімшілік	Қойылған сұрақтар және қажеттілік бойынша әртүрлі ұсыныстар	Қажет болса	Орындалған хаттамалық шешімдер
5	ДЖ орындалуын бақылау және мониторинг нәтижелері бойынша өзгерістер енгізу	Жүйелі жұмыс жүргізу.	Әкімшілік ӘБ жетекшілері, жоба көшбасшылары	Құрылымдық бөлімшелердің есептері, жұмысты талдау.	Жыл бойына иллюстрациялық диаграммалар мен сызбалық маркерлер арқылы орындау.	Сәйкестік және уақытында орындау үшін түзету.
6	Мектепшілік бақылауды жүзеге асыру	Жүйелі жұмыс жүргізу.	Ұжым	Сабаққа қатысу, түрлі анықтамалар	Жыл бойы	Сапаға жұмыс жасау.
7	Жаңа ДЖ дайындау	Кемшіліктерді ескеріп жаңа жоспар жасау	Әкімшілік	Сараптамалық талдаулар, есептер	Сәуір, 2023 .	Жаңа ДЖ жобасы

8	Мектептің қызметі туралы жылдық есеп әзірлеу	Жылдық жұмыс қорытындысы	Әкімшілік Жауапты орындаушылар	Сараптамалық талдаулар	желтоқсан – қаңтар жыл сайын	Мектептің қызметі туралы жылдық есеп әзірлеу
---	--	--------------------------	--------------------------------	------------------------	------------------------------	--